

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бақытжан Қаратаевтың большевиктік "Орал" газетіндегі "Ашық хатты": тарихи сипаты мен мәні

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.02.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/130993/>

Бақытжан Бейсәліұлы Қаратаев -1860 жылы Қаратөбе ауданы Ақбақай ауылында дүниеге келген. Заңгер, ағартушы-демократ, қоғам қайраткері. Қызыл биліктің қысымын ашық түрде жеткізіп өзінің халық жанашыры екенін дәлелдей білген Бақытжан өз заманының қоғам батыры десек артық етпес. Бәрі 1919 жылы мамыр және шілде айларында қазақ атты бригаданың саяси бөлімінің меңгерушісі болуынан басталды. Бақытжан Қаратаевты халық қорғаушысы екенін дәлелдейтін әрекеттерінің бірі 1907 жылы II мемлекеттік Думадағы үкімет алдында сөйлеген сөзі. Ол кадеттер тобынан Орал облысы атынан депутат болып қатысып, жер-су мәселесі бойынша қазақ мүддесін қорғап шыға алды. Кеңес уақыттарындағы басты мәселелердің бірі қоныстандыру саясатының салдарын ашық түрде жеткізіп, тарихта атын қалдыра алды. Қазақ көшпелі халық болғаныменде ел арасында отырықшы тұрғындар да аз емес. Қазақ халқы егін екті, тұрақты тұрғын үйлері болды, оларды тастап ешқайда бара алмады, тіпті сол уақыттарда басатын тау қалмады деген жұмысшылар наразылығы түсе бастады. «Ашық хаттығыдай» халықпен санаспай оларды қоныстандарды, жерлер үздіксіз тартылып ала басталды. Бұл жағдайды әрине әділетсіздік ретінде көрсетті. Қазақ жұмысшыларына қысым көрсетіп, қуып-қудалаудан кейін жер-су мәселесі халыққа өте ауыр тиген болатын. Өзінің сөзінде орыс халқына дұшпандық пиғылмен айтып жатпағандығын, «біздің ортақ жауымыз самодержавия», - деп айтқан болатын. Бұл әрекеттің өзінде сол заманда үлкен ерлікке саналды. Сол жылдары яғни 1907 жылы Орынбор қаласында «Орал» газеті шығарыла бастады. Қолына қару ұстап соғысқа шықпаса да, қалам алып қағаз бетіне осы мәселені тайға таңба басқандай большевиктік «Орал» газетіне хат түрінде шығарған болатын. Орыс халқына бағытталған «Ашық хат» қағаз бетіне басылған соң «Орал» газетінің өмір сүруі ұзаққа бармады. «Ашық хат» газеттің жабылуына бірден – бір себеп болды. Қазақ үшін Кеңес одағы билеген заманда қолға автомат алып соғысу миға қонымсыз болғандықтан қоғам қайраткерлері білім мен жазу арқылы қазақ халқының рухты екенін дәлелдей алды. Қоғам батырының бірі Бақытжан Қаратаев еді.

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті « журналистика» факультетінің 1 курс студенті Ораш Дияс

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.